

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы

Кафедра: Гигиена – 1 және эпидемиология кафедрасы

**6-дәріс. Балалардың керек-жарақтарына,
жиһаздарына қойылатын гигиеналық
талаптар.**

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2016ж.

Жоспары:

1.Кіріспе.

2.Негізгі бөлім.

А) Балалар жиһазына қойылатын гигиеналық талап.

Б) Балалардың ойыншықтарына қойылатын гигиеналық талаптар.

В) Ойыншықтарға қойылатын санитарлық ережелердің негізі талаптары төмендегідей болып келеді:

Г) Ойыншықтардың сапасын зерттеу кезеңдері.

3.Қорытынды.

4. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе.

- Жиһаздардың өлшемі баланың бой ұзындығына сәйкес болуы үшін балалардың бой ұзындықтары белгілі топтарға бөлінген, яғни жиһаздар баланың белгілі бой ұзындықтарының топтарына сәйкес келуі керек.
- Бала тіршілігінде де, тәрбие процессінде де ойыншықтардың маңызы өте зор. Ойыншықтар арқылы өзін қоршаған ортамен танысады, баланың көңіл-күйі көтеріледі. Ойыншықтарды тәрбиелік құрал ретінде пайдалану балалардың жас ерекшеліктеріне негізделеді.

- Мектепке дейінгі балалар мекемесінің жиһаздарына қойылатын негізгі талап - олардың балалар денесі мен бойына толық сай келуі. Осы талаптарды орындау балалардың дұрыс жетіліп, өсуіне дұрыс жағдай жасайды. Олардың жұмысқа қабілетін және сымбатын бұзбайды. Балаларды бойына қарай бөлу, балалар жиһаздарына қойылатын гигиеналық талаптардың негізін құрайды.
- Сәби жасындағы балалар мен мектеп жасына дейінгі балалардың бой ұзындықтарының 6 тобы - 80 см-ден, 130 см. дейін, 10 см аралықпен бөлінген, соған сәйкес, жиһаздардың әріптермен белгіленген 6 тобы А,Б,В,Г,Д,Е дайындалады.

Мектепке дейінгі балалар
(19301-73 мемлекеттік стандартқа 22.09.88 жылы енгізілген түзетілме)

Бойы бойынша топтар	Жиһаз топтары	Түсі	Столдың еденнен биіктігі	Еденге қарағанда отыру биіктігі
75-85 см	0	Қара	34	18
85-100 см	0	Ақ	40	22
100-115 см	1	Қоңыр	48	28
115-130 см	2	Сары	54	32
130 см жоғары	3	Қызыл	60	36
Оқушылар (11015-86 және 11016-86 мемлекеттік стандарттар)				
100-115 см	1	Қоңыр	48	28
115-130 см	2	Көк	54	32
130-145 см	3	Сары	60	36
145-160 см	4	Қызыл	66	40
160-175 см	5	Жасыл	72	44
175 см жоғары	6	Ашық көк	78	48

- Балалар мекемесінің жиһаздары атқаратын қызметтеріне қарай 7 топқа бөлінеді. Оның ішінде горизонталды жазықтықта жұмыс атқару үшін, отыруға, жатуға, сақтауға, қозғалмалы қимылдарға, көп салалы бағытта қолдану үшін және өзгертуге болатын жиһаздар. Гигиеналық тұрғыдан алғанда алдыңғы аталған екі топтағы жиһаздардың маңызы үлкен. Олар оқыту-тәрбиелеу жұмысына тығыз қатысы бар және балалардың жетілуіне, тірек-қозғалыс және көру жүйесінің қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді. Бұл жиһаздарды жасауға негізінен ағаштар қолданылады.

- Олардың жылуды өткізгіштік қасиеті шамалы. Сондықтан жиһаздарға жанасқан балалар денесінің жылуы аса өзгермейді. Жиһаздардың беті тегіс, жылтырланған және тесік-ойықтары болмауы керек. Ал, оны әрлеуге қолданған материалдар жылылығы 60 градусқа дейінгі кір кетіргіш және дезинфекциялық ерітіндісі бар сумен жуғанда бұзылмауы тиіс. Столдардың жұмыс істейтін үсті жылтыр, ал бояуының жарықты шағылыстыру коэффициенті 30-35 пайыз болуы жөн.

- Балалар тамақтанатын және ойнайтын бөлмелердің жиһаздары аса үлкен жерді алып тұрмауы керек. Ол үшін оңай жиналып-құрастырылатын жиһаздар қолданған тиімді болады. Ұйықтайтын бөлмедегі кереуеттерге бару жеңіл болуы, ал кереуеттер аралығы 0,3 метрден кем болмауы керек. Кереуеттер сыртқы қабырғадан 0,7-1 метр қашықтықта орналасқаны жөн. Ұйықтау бөлмесінде екі қабатты кроваттар қолдануға болады.

- Бала-бақшадағы топтардың столдары 4 орындық (1-ден 4 жасқа дейінгі балаларға) немесе 2 орындық (4 жастан асқан балаларға) болып ұйымдастырылады. Сабақтар өткенде бұл столдар парта ретінде, ал тамақтанғанда столдар екі-екіден біріктіріледі. Столдардың қабырғадан алыстығы 1 метрге дейін, ал қатардың арасы 0,5 метрден кем болмауы керек. Мектепке дейінгі балалар мекемесінде дене тәрбиесіне арналған жиһаздардың 19 түрі бар. Оның ішінде гимнастика құралдары, сырғанақ, секіруге арналған тұрақ және т.б. Оқушылардың антропометриялық көрсеткіштерін зерттеу, әрбір сыныпта негізінен 2 түрлі жиһаздың қажет екендігін көрсетті. Мектептегі жиһаздардың 10% №1-2 топтағы, 5% №6-топтағы, 25-30% №3-4-5 топтағы жиһаздар құрауы қажет. Төртінші сыныпқа дейін парталар, төртінші сыныптан бастап "стол-орындық" комплектісі қолданылады.

- Бір жастан төрт жасқа дейінгі сәбилер тобының бөлмесі төрт орынды столдармен жабдықталады. Столдарды бөлмеде жарық көзі сол жақтан түсетіндей, екі қатар етіп орналастырады. Стол аралықтары 0,45 м кем болмауы керек.



- Балалардың кереуеттері 2 түрлі болады: үш жасқа дейінгі сәбилерге жан-жағы қоршалған биіктігі реттелетін кереуеттер және үш жастан жеті жасқа дейінгі балаларға арналған кереуеттер. Олардың функционалдық өлшемдері арнаулы СанНменЕ құжатында беріледі.



- Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін кереуеттердің аралығы 0,3м кем болмауы керек, сыртқы қабырғадан ара қашықтығы 0,7-1,0м болуы керек. Мектепке дейінгі топтарға төсеніші қатты жиналмалы кереуеттер мен қабырғаға жапсырыла жасалған бір, екі қабатты кереуеттерді қолдануға болады.



Қазіргі білім беру мекемелерінің жиһаздарын төмендегідей жіктеуге болады:

1. Оқу сыныптарына арналған жиһаздар: оқушының бір немесе екі орынды столдары; оқу кабинеттеріне (физика, химия, биология...) арналған столдар, компьютерлік столдар, оқу құралдарына арналған шкафтар, техникалық құралдарын сақтауға, тақта астына қоюға арналған тумбалар, әртүрлі модификациядағы сынып тақталары;
2. Кітапханаға арналған жиһаздар: кітапханаға арналған бір, екі жақты сөрелер; кітапханаға арналған жиһаздар жинағы;
3. Асханаға арналған;
4. Оқу шеберханаларына арналған;
5. Шешінетін орынға арналған;
6. Мәжіліс залдарына арналған жиһаздар.

Ойыншықтарға қойылатын гигиеналық талаптар.

- Бала тіршілігінде де, тәрбие процессінде де ойыншықтардың маңызы өте зор. Ойыншықтар арқылы өзін қоршаған ортамен танысады, баланың көңіл-күйі көтеріледі. Ойыншықтарды тәрбиелік құрал ретінде пайдалану балалардың жас ерекшеліктеріне негізделеді.
- Ойыншықтарға арналған баланың жасы, ойыншық қорабының сыртында немесе арналып салынған қағазда көрсетіледі. Ойыншықпен бірге берілетін нұсқау қағаздағы ескертулер ойыншық арналған жас тобындағы балаларға түсінікті болуы керек және мұнда ойын мен ойыншықты өңдеудің (жуып-тазалау, залалсыздандыру) ережесі жазылуы керек.

- Бір жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтар олардың көру, есту жағдайларын, дыбыс реакцияларын, дене тұлғасын өзгертуге арналған қимыл-қозғалыстарын (отыру, тұру, қолдарымен бір нәрсені қармап ұстау т.с.с.) дамытуға арналады. Бұл жастардағы балалар үшін ең көп таралған ойыншықтар полимерден жасалған дөңгелектер, әртүрлі шылдырмақтар т.с.с. болып табылады. Олар мүмкіндігінше ірі, қармап ұстауға ыңғайлы, ашық түстермен боялған және дыбыс шығаруы белгілі дәрежеде болуы керек. Бір жастың соңына қарай құыршақтар, аңдар, машина, ойыншық-әткеншектер т.б. қолданыла бастайды.



- Одан кейінгі жастарда бала айналасын тереңірек танып, біле бастайды, қимыл-қозғалыстары реттеліп, тіл дами бастайды. Сондықтан бұл жастарда біраз күрделірек, түсіну үшін ойлану қажет ететін әртүрлі мозайкалар, таяқшалар мен кубиктер, құрылыс материалдары, дамыту ойыншықтары қолданылады. Мектепке дейінгі жастардағы балалар белгілі роль атқаратын ойындарға (апа, әже, дәрігер, мұғалім т.б.) көше бастайды, бұл жастарда көбінесе ұжымдық ойындарға арналған ойыншықтар пайдаланылады.



- Балалардың морфофункционалдық ерекшеліктеріне, білім, интеллектуалдық деңгейлеріне сәйкес, ойындар мен ойыншықтар 5 топқа бөлінеді: бір жасқа дейінгі сәбилерге (ерте жас) арналған ойыншықтар; бір жастан үш жасқа дейінгі (ясельдік жас); үш жастан алты жасқа дейінгі (мектепке дейінгі жас); алты жастан он жасқа дейінгі (бастауыш мектеп жасы) және оннан он төртке дейінгі аралық (орта мектеп жасы) деп бөлінеді.



- Ойыншықтардың қауіпсіздігіне санитарлық бақылау Денсаулық сақтау Министірлігі деңгейінде жүргізіледі. Оның функциясына ойыншық жасаудағы нормалық техникалық құжаттарды бекіту, сонымен қатар, шикізаттардың, материалдардың және тексерудегі заттардың барлығына келісім беру жатады. Көбінесе, экспертті баға беру ғылыми зерттеу институтына және ірі СЭС-ға міндеттеледі. Ойыншықтарға күнделікті бақылауды СЭС жүргізеді және ойыншық шығаратын өндіріс орындары мен оларды халыққа тарататын дүкендерді бақылап отырудан тұрады.

Ойыншықтарға қойылатын санитарлық ережелердің негізі талаптары төмендегідей болып келеді:

- Өндіру мен таратуға, үлгілері мен нормалық техникалық құжаттарына санитарлық эпидемиологиялық қызмет орындарының дұрыс деп қойған қортындысы бар ойыншықтар ғана жатады;
- Ойыншық жасаумен айналысатын жұмысшыларға, тамақ өнеркәсібінің, су құбырларының балалар мекемелерінің қызметкерлеріне қойылатындай талаптар қойылады. Жұмысқа түсер кезде олар дәрігер терапевтің жалпы тексеруінен өтуі керек және туберкулез ауруына тексеріледі, әрі қарай жылына бір рет дәрігерлік тексеру-ден өтіп отырады;
- Ауызға тигізетін ойыншықтарды дүкеншілердің тексеріп беруіне тиым салынады. Ол үшін, ауамен үрленетін арнаулы қондырғы болуы керек;
- Сатылып кеткен ойыншықтарды ақауы (дефектісі) барынан басқасын қайта қабылдауға болмайды;
- Ойыншыққа арналған шикізаттар бекітілген нормадан артық химиялық заттар бөлмеуі керек. Өтелдерді ойыншық өндірісінде пайдалануға тиым салынады;
- Үш жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықты шыныдан, түкті резеңкеден және металдан жасалған лақтыратын снарядтарды (барлық жастағы балаларға) жасауға тиым салынады;

- Ойыншықтың ішін толтыруға арналған материалдар, т.б. ойыншық жасауға пайдаланылатын жүн, терілер залалсыздандырылған болуы керек;
- Балалар ернін тигізетін ойыншықтардың бөлшектері жылдам залалсыздандырылатын материалдан да-йындалуы керек;
- Ойыншықтың шеттерінде жарығы, үшкірі, сынығы болмауы керек. Үшкір жерлері мен бұрыштары доғалданып келуі керек;
- Ойыншықтың салмағы, өте ірі ойыншықтардан басқа, 7 жасқа дейінгі балалар үшін - 400 гр, 7-ден 10 жасқа дейінгі балалар үшін - 800 гр аспауы керек;
- Суық қаруды бейнелейтін ойыншықтардың үшкір және өткір бөлшектері болмауы керек;
- Боялған ойыншықтар, түссіз лакпен қапталуы керек. Олардың беті тегіс, жарылмаған болуы керек;
- Жеті жасқа дейінгі балаларға арналған электірлі ойыншықтардың күшінің қуаты 12 Вт, ал, 7 жастан жоғары балаларға 18 Вт аспауы керек.

- Зерттеулерге арналған ойыншықтардың үлгісі он күннен ерте және 30 күннен кейін қалдырмай, пайдаланылғаннан кейін, саны 5 данадан кем болмай тексерілуге жеткізілуі керек. "Санитарлық ережелерде" зерттеу тәсілі берілген. СанНменЕ талаптарының сақталуын қадағалау санитарлық эпидемиологиялық қызметке жүктеледі.



- Егер ойыншық рұқсат етілген материалдардан (бояу, лак, желім т.б.) жасалған болса, және оларға химиялық анализ жасалғанына бір жылдан көп уақыт өтпесе, онда, оларға міндетті түрде гигиеналық экспертиза жасағаннан кейін, екінші рет химиялық анализ жасауды талап етпестен пайдалануға рұқсат етуге болады. Жаңа материалдарды дайындауға рұқсатты Республиканың Мемлекеттік Санитарлық Эпидемиологиялық қызмет Басқармасы береді.

- Техникалық жағдайлары бойынша санитарлық қызметпен келісімге түспеген ойыншықтар жедел түрде өндірістен алынып тасталуы керек. Изолятордағы ойыншықтарды топтық бөлмелерге апаруға тиым салынады. Бұл ойыншықтардың материалдары оларды мезгіл сайын залалсыздандырып тұруға қолайлы болуы керек. Бала бақшаларда ойыншықтарды бір топтан екінші топқа тасымалдауға тиым салынады, топтық жекелендіру принципін қатал сақтау қажет.

- Ойыншықтар балалар денсаулығына зиянсыз болуы тиіс. Оның өткір бұрыштары немесе қолға қадалатын өскіндері болмауы керек. 3 жасқа дейінгі балалар үшін ойыншықтың салмағы - 100гр, 7 жасқа дейінгі балалар үшін - 400гр, ал 10 жасқа дейінгі балалар үшін - 800гр аспауы қажет. Қолданылған электр қуыаты 20 В, ал оның шығаратын шуы 65 ДБ-ден аспау тиіс. Егер ойыншықтан зиянды заттардың бөлінуі байқалса, оны санитарлық-токсикологиялық лабораторияның тексеруіне жібереді.

- Зерттеу мына кезеңдер бойынша жүргізіледі:
- 1. Ойыншықтың аты және оның қысқаша сипаттамасы.
- 2. Ойыншықтардың пішіні мен өлшемін анықтау (үшкір ұштарының, бұрыштарының, ұсақ және оңай алынатын юөлшектердің бар-жоқтығы).
- 3. Тығыздығы мен салмағын анықтау.
- 4. Ойыншықтың қандай материалдан жасалғанын, оның өнім шығарылуына жарамдылығын анықтау.
- 5. Қолданылған бояудың фиксациясының анықтауға зерттеу жүргізу.

Қорытынды.

Мектепке дейінгі балалар мекемесінің жиһаздарына қойылатын негізгі талап - олардың балалар денесі мен бойына толық сай келуі. Осы талаптарды орындау балалардың дұрыс жетіліп, өсуіне дұрыс жағдай жасайды. Олардың жұмысқа қабілетін және сымбатын бұзбайды. Балаларды бойына қарай бөлу, балалар жиһаздарына қойылатын гигиеналық талаптардың негізін құрайды. Ойыншықтар балалар денсаулығына зиянсыз болуы тиіс. Оның өткір бұрыштары немесе қолға қадалатын өскіндері болмауы керек.

Ойыншықтардың қауіпсіздігіне санитарлық бақылау Денсаулық сақтау Министірлігі деңгейінде жүргізіледі. Оның функциясына ойыншық жасаудағы нормалық техникалық құжаттарды бекіту, сонымен қатар, шикізаттардың, материалдардың және тексерудегі заттардың барлығына келісім беру жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Гигиена детей и подростков: Учебник /Под ред. В.Р. Кучма. - М.: ГЭОТАР-МЕДИА, 2008.- 480 с.
2. БҮЛДІРШІН ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ (0-5 ЖАС) оқу әдістемелік құрал Астана 2014ж.
3. Керімбек А. Е. Баланың туылғаннан кәмелетке дейінгі өсіп-дамуы, тән-жан тәрбиесі мен гигиенасының жасерекшеліктері.Түркістан – 2008.
4. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы ,Бөлешов М.Ә. Алматы 2010
5. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы , Ерманова С.А.